

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жанындағы «8D023 Тіл және әдебиет» бағыты «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор кадрларды даярлайтын Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2023 жылғы ЕСЕП

1. Өткізілген отырыстар саны – 2
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – жоқ
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Буранкулова Эльмира Темирбаевна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6D020500 – Филология	27 сәуір 2023 жыл	Дәрежесін беру, PhD Бұйрық № 282, 19 маусым 2023 жыл
2	Абдирова Шолпан Гайдаровна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6D020500 – Филология	5 мамыр 2023 жыл	Дәрежесін беру, PhD Бұйрық № 282, 19 маусым 2023 жыл

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Буранкулова Эльмира Темирбаевнаның диссертациялық жұмысы «Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, PhD Өмер Фарук Атешпен бірлестікте орындалды. (Кастамону университеті, Түркия).

Зерттеудің мақсаты – түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындардың жүйелік сипатын және түркі лингвомәдени феноменді бейнелеуші категория ретінде ғылыми негіздеу мен тәжірибелік зерттеу тұрғысынан дәлелдеу.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Абдирова Шолпан Гайдаровнаның диссертациялық жұмысы «Қазақстандық идеологиялық дискурс және «Рухани жаңғыру» концептісі» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдуллина Гульфира Рифовнамен бірлестікте орындалды. (Уфа ғылым және технология университеті, Башкортостан Республикасы, Ресей федерациясы).

Зерттеудің мақсаты – қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасы мен лингвистикалық формасын анықтау, «Рухани жаңғыру» концептісінің макромодельдерін, лексика-семантикалық өрісін, ассоциативтік өрісін, фреймдік құрылымын айқындау.

2) Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы.

Э.Т.Буранкулованың диссертацияның ғылыми шолу материалдары, жүйеленген тұжырымдары, сарапталған деректері – тіл біліміндегі гендерлік лингвистика, лексикология мен семантика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, жеке тіл білімі, салыстырмалы тіл білімі үшін өз қорын толықтыратын құнды ғылыми материал. Зерттеу материалдарын – гендерлік таптаурындар құрамы мен жіктелімі, гендерлік маркерленген фразеологизмдер мен макал-мәтелдер қорын, тәжірибелік сауалнаманың талдамаларын, дереккөздерін осы тақырып бағытындағы жобалық жұмыстарда, курс материалдарын жасақтауда, оқу-әдістемелік деректерін толықтыруда, ғылыми еңбектерді жазу барысында авторлық ережеге сай пайдалануға болады.

Ш.Г.Абдированың ғылыми жұмысының практикалық маңыздылығы жалпы тіл білімі, дискурс теориясы, әлеуметтану, лексикалық семантика, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық зерттеу әдістері, оның ішінде, ассоциативтік талдау, дискурстық талдау курстарын өткізуде пайдалануға болатындығымен анықталады.

3) Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымның «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» даму бағыттарымен және ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04. 2016 ж.) мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

4) Диссертациялар нәтижелерін практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Э.Т.Буранкулованың диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы, шетел филологиясы және аударма ісі, қазақ әдебиеті кафедрасы (2018-2021), сонымен қатар, халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда тақырып бойынша ғылыми мақалалар баяндалды: Түркия, Балыкесир университетінің «Дара» Еуразиялық инновациялық даму орталығы (2019), Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті (2019), Башқұртстан Республикасының ғылым академиясы (2019, 2021), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (2020), гендерлік стереотиптердің қоғамдағы дәстүрлі ұғымның тұрақтылық

пен өзгеруін қабылдау туралы гугл диск арқылы жүргізілген сауалнама (Ақтөбе облысы, Алматы қаласы, Орал қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Атырау облысы, Қазақстаннан бөлек шет елдерде, атап айтсақ, Түркия, Башқұртстан, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан елдері сауалнамаға қатысты) 15-65 жас аралығындағы респонденттерге жүргізілді.

Зерттеудің негізгі бөлімі бойынша 16 мақала жарияланды. Негізгі ғылыми-теориялық нәтижелер отандық және шет елдердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 10 мақала жарияланды. Диссертациялық зерттеу идеясы мен қорытындылары ҚР ҒЖБ министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы *сапаны қамтамасыз ету комитетінің* ұсынған мерзімді баспасөз басылымдарында 3 мақала, Ресей Федерациясы, Башқұртстан Республикасының РИНЦ базасына енетін Ватандаш атты ғылыми журналға 1 мақала, сондай-ақ Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін *International Journal of Society, Culture and Language* журналда (Процентиль 74%, Q2) 1 мақала және Contemporary Kazakh Proverb Research: Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches атты Скопус базасына кіретін оқулықта 1 мақала жарияланды.

Ш.Г. Абдированың диссертациялық жұмысының нәтижелері Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасы (докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» (2021), «Түркі филологиясының өзекті мәселелері» атты дәстүрлі онлайн ғылыми семинары (2022). М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, филология факультеті «Түркі филологиясының өзекті мәселелері» атты дәстүрлі онлайн ғылыми семинары (2022). «Билік», «Саясат» концептілеріне дәстүрлі және электронды формада (Google forma) ассоциативтік тәжірибелік талдау Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде, «Рухани жаңғыру» концептісіне дәстүрлі және электронды формада (Google forma) тәжірибелік талдау Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде, Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласының №3 мектеп гимназиясында, Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Тобық Жармағанбетов атындағы мектебінде, №1, №2 Қарауылкелді ЖОББМ, Байғанин аудандық мәдениет үйінде, Байғанин аудандық мұражайында, Ақтау қаласының №16 ЖОББМ мектебінде, Ақтөбе қаласының «Рухани жаңғыру» орталығында жүргізілді. Ұран, үндеу мәтіндеріне қатысты дәстүрлі форматтағы сауалнама Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Тобық Жармағанбетов атындағы мектебінде, №1, 2 Қарауылкелді ЖОББМ, Байғанин аудандық мәдениет үйінде, Байғанин аудандық мұражайында жүргізілді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің қазақ тіл білімі кафедрасында «Рухани жаңғыру және қазақ тіл білімі» тақырыбында баяндама жасалды (21.04.2020).

Докторлық диссертация нәтижелері 13 басылымда жарияланды, оның ішінде 5-еуі ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 1 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін International Journal of

Society Culture & Language, 12.12.2022. Процентиль 74%, Q 2) журналында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 7 мақала, оның ішінде шетелдік конференцияларда – 3 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттардың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Буранкулова Эльмира Темирбаевна	1. Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті	2. Райхан Багила – PhD, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
2	Абдирова Шолпан Гайдаровна	1. Ахатова Багила Абильможиновна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	2. Елшибаева Калима Закировна – PhD доктор, Алматы техникалық университеті

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессорлар М.Сабыр, Б.А.Ахатова және PhD докторлар Б. Райхан, К.З. Елшибаева жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Э.Т. Буранкулованың, Ш.Г. Абдированың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. –

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 2

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

Ескерту:

ДК ашылу бұйрығының № 179, 11 мамыр 2020 жыл және ДК қызмет ету мерзімі - 3 жыл (2023 жылдың 11 мамырына дейін)

ДК-тің төрағасы

ДК-тің қалым хатшысы



Пангереев А.Ш.

Садирова К.К.

Мөр. Мерзімі. 2024 жыл « 12 » қантар